Ұлт болашағы өз қолымызда!

12+

# Талдықорған

Газет 1992 жылдың 2-наурызынан шыға бастады

TDKO.kz www.taldykorgan-online.kz e-mail: taldyk@bk.ru @Taldykorganpress

№42 (1832) Жұма, 18-қазан 2024 жыл / Қоғамдық-саяси газеті




**ЭКОНОМИКАНЫ ҚАРҚЫНДЫ ДАМЫТУ ҮШІН ТЕК МЕМЛЕКЕТ ҚАРЖЫСЫНА СҮЙЕНУ ЖЕТКІЛІКСІЗ ЕКЕНІ АНЫҚ. ЖЕКЕ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ТАРТУ АРҚЫЛЫ ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІКТІҢ АРТУЫНА ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ЖАСАҒАН ЖӨН. ОЛ ҮШІН, ЕҢ АЛДЫМЕН, САЛЫҚ САЯСАТЫ ТҰРАҚТЫ БОЛУҒА ТИІС. СОНДА БИЗНЕС ТЕ САПАЛЫ ДАМУҒА ЫНТАЛЫ БОЛАДЫ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ.**

*ҚР Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ халыққа арнаған Жолдауынан*

## ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ- ІС ЖҮЗІНДЕ

# ЖҰМЫСЫМЫЗДЫҢ МАҢЫЗДЫ БАҒЫТЫ – ИНВЕСТИЦИЯНЫ ЫНТАЛАНДЫРУ

**Үкіметте өткен баспасөз мәслихатында Премьер-Министрдің орынбасары – ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров экономикалық дамудың ағымдағы тенденциялары және биылғы 9 айдағы қаржы-экономикалық блок қызметінің қорытындылары және Президент Жолдауының жүзеге асырылуы туралы айтып берді.**

Оның айтуынша, экономиканың 4% өсуіне толықтай мұнайдан тыс секторлардың дамуы есебінен қол жеткізілді. Өңдеу өнеркәсібі, оның ішінде жаңа кәсіпорындарды енгізу арқылы жақсы серпін көрсетуде. Биыл 180 жаңа жоба іске қосылады, оның 56-сы қазірдің өзінде өндірісін бастады.

*«Экономиканың түрлі секторының өсуін ынталандыру жөнінде айтарлықтай шараларды қабылдап жатырмыз. Мемлекет басшысының төрт ауқымды инфрақұрылымдық бастамасын іске асыру мақсатында, яғни газдандыру, жалға берілетін және кредиттік тұрғын үй, жол құрылысы, ТКШ-ны жаңғыртуға экономикаға 2 трлн теңгеден астам қаражат бағытталды», –* деді Нұрлан Байбазаров.

Ауыл шаруашылығына қомақты қаражат жұмсалды. Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын қаржыландыруды ұлғайтумен қатар, ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға кредит беру бағдарламалары мен ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі жобалар іске қосылды. Осы шаралардың барлығы 11,4% жоғары өсу қарқынына қол жеткізуге мүмкіндік берді. Құрылыс жобаларын жеңілдікпен қаржыландыру және заманауи сауда форматын кеңейту бойынша бағдарлама іске қосылды.



Экономиканың тұрақты инфрақұрылымдық негізін құруға бағытталған 2029 жылға дейінгі Ұлттық инфрақұрылымдық жоспар қабылданды. Жоспар шамамен 40 трлн теңге сомасына энергетикалық, көліктік, цифрлық және су инфрақұрылымының 204 жобасын іске асыруды қамтиды. Бюджеттен тыс қаражат тартылады.

*«Жұмысымыздың маңызды бағыты – инвестицияны ынталандыру. Жаңа инвестициялық циклді іске қосу әрі міндеттерді орындау үшін 2029 жылға дейінгі инвестициялық саясат тұжырымдамасы өзектендірілді. Оның басты мақсаты – кемінде $150 млрд көлемінде тікелей шетелдік инвестиция тарту және негізгі капиталға инвестицияны жалпы ішкі өнімнің 23%-ына дейін арттыру», –* деді Вице-премьер.

Бизнес жүргізу мәселелері бойынша заң қабылданды, ол заңға бағынатын кәсіпкерлерге әкімшілік қысымды төмендетеді және тексерулер санын 2019 жылмен салыстырғанда 2 есеге дейін қысқартады. «Бизнестің жол картасы» және «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламаларын біріктірген шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту жөніндегі кешенді бағдарлама қабылданды. Өңірлер мен ауылдық аумақтарды дамыту мақсатында «Ауыл – Ел бесігі» жобасы мен шағын және моноқалаларды дамыту бағдарламасын іске асыру жалғасуда. 500-ден астам ауылдық елді мекенде 1400-ге жуық инфрақұрылымдық жоба жүзеге асырылуда.

«Дипломмен ауылға» жобасы шеңберінде 2024 жылы кредит мерзімі 15 жылға дейін және жылдық 0,01% сыйақы мөлшерлемесімен 30,0 млрд теңге қарастырылған. Бұл қаражатқа жас мамандар үшін 3,6 мың несие беру жоспарлануда.

Бұған қоса, Үкімет қаржылық шаралармен қатар экономикада құрылымдық реформаларды жүргізуде. Мемлекет басшысы қол қойған экономиканы ырықтандыру туралы Жарлықты жүзеге асыру бойынша жұмыс басталды. Үкімет 2026 жылдың соңына дейін квазимемлекеттік сектор субъектілерін құруға мораторий енгізді.

Мемлекеттің қатысуымен субъектілерді бәсекелестік ортаға беру жалғасуда. Жыл соңына дейін жекешелендіруге ұсынылатын компаниялар пулы құрылып, 2028 жылдың соңына дейін оларды жекешелендіру процесі аяқталады.

Сондай-ақ, жаңа Салық кодексі әзірленуде. Негізгі өзгеріс – бұл цифрландыру және әкімшілендіруді жақсарту арқылы салық төлеушілерге қызмет көрсету бойынша салық органдарының сервистік тәсілі болып табылады. Сонымен қатар салықтар, төлемдер мен алымдарды азайту ұсынылады.

**Премьер-министрдің ресми ақпараттық ресурсы**


**БАСПАСӨЗ – 2025**

**РЕДАКЦИЯДАН:** 1 ЖЫЛҒА – **3500** тг.

Тел.: 40-11-02, 8 705 870 70 76.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Ж.Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат 4006 бөлме.



ПОШТАДАН:

| ЗАҢДЫ ТҰЛҒА (ҚАЛА) | ЖЕКЕ ТҰЛҒА (ҚАЛА) |
|---|---|
| 1 жыл – 7638,56 тг. | 1 жыл – 4066,40 тг. |
| ЗАҢДЫ ТҰЛҒА (АУЫЛ) | ЖЕКЕ ТҰЛҒА (АУЫЛ) |
| 1 жыл – 4566,40 тг. | 1 жыл – 4066,40 тг. |
| ИНДЕКС 15771 | ИНДЕКС 65771 |




## ТАЗАЛЫҚ ШАРАЛАРЫ ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР

**Жетісу облысы бойынша 6 сәуір мен 15 қазан аралығында «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында экологиялық акцияларға жалпы 205 мыңнан астам адам атсалысты.**

Облыс бойынша «Киелі мекен», «Қызылтас – тасбақа», «Таза кәсіп – Таза аймақ», «Жинаquest» экологиялық акциялары мен «Таза аула, таза көше» байқаулары ұйымдастырылды.

Экошараларға облыс тұрғындары, кәсіпорындар мен мекеме қызметкерлері, волонтерлер, жастар, шағын және орта бизнес, медицина, білім, мәдениет және спорт саласының өкілдері қатысты. 1 729 техника жұмылдырылды. Нәтижесінде 8 208 тонна қоқыс шығарылды, 2 265 км арық желісі тазаланып, облыс аумағында 31 811 түп көшет отырғызылды.

### АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ

## ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫ УАҚТЫЛЫ ЖИНАЛУДА

**Жетісу облысында биыл тәтті түбірді 597 шаруашылық 13 700 гектар алқапқа екті. Ал одан 615 мың тонна өнім алу жоспарланып отыр. Бүгінгі күнге дақылдың 47 пайызы жиналып, 303 мың тонна өнім алынды. Жиналмаған қызылшаның көлемі 7,2 мың гектар. Бұл туралы облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Нұрдәулет Кененбаев пен «Көксу қант зауыты» ЖШС директоры Алтынбек Абатұлы Б. Құрмамбек атындағы Журналистер үйінде БАҚ өкілдерімен кездесуде мәлімдеді.**



Жетісу облысында Көксу қант зауыты қызылша қабылдауды уақытша тоқтатты. Ауа райының күрт өзгеруіне байланысты жинақталған дақылдың құнары кете бастады, сондықтан да өнімді сапасына қарай сұрыптап алу қажет болды. Шаруалардың еңбегін еш кетірмей өңдеп алу үшін Көксу қант зауыты 10 күнге мәжбүрлі түрде қабылдауды тоқтатты. Нысан қазанның 22-інен бастап өнімді қайта қабылдай бастайды. Ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының сөзіне сүйенсек, жергілікті билік те, кәсіпорын басшылары да шаруалардың өнімі далада қалмайды деп уәде беруде.

Айта кетейік, шаруаларға мемлекеттік субсидия беру бойынша 13 млрд теңге бөлінді. Қазіргі уақытта 69 өтінім түсіп, оның 36-сы қаралды. 1 млрд. теңгеден астам қаражат диқандардың есепшоттарына аударылды. Биылғы 2024 жылғы қант қызылшасын қабылдау және шаруашылықтармен есептесу жөніндегі жұмыстармен іс-шараларды қорытындылай кетсек, қант қызылшасы бүгінгі күнге 138 мың тонна қабылданды, 110 шаруашылық қызылшасын өткізді аяқтады.

Қазірге уақытта зауыт қуаттылығын 2 есеге көтеру жағдайын ойластырып келісімшарттар жасап шет елдік компаниялармен жұмыс жасалуда. Өндірілген өнімнің 250 мың тоннасы Көксу қант зауытына, 365 мың тоннасы Ақсу қант зауытына өткізу жоспарланған. Өңір шаруашылықтары мол өнімді ысырапсыз жинап алу қамында.

**Өз тілшіміз**

### ШАҺАР ТЫНЫСЫ

## ҚҰРЫЛЫС САПАСЫ БАҚЫЛАУДА

**Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл 8 және 9 шағын ауданында жүргізіліп жатқан құрылыс нысандарын аралап, абаттандыру тағы да басқа мәселелер бойынша мердігер компания өкілдерімен кездесті. Сапар барысында қолға алынған жобаларға мұқият қарап, сапа мен мерзімді ұмытпау керектігін баса айтты.**

Бұдан бөлек, қала басшысы «Береке» коттедж қалашығын да аралап, басталған жұмыс қарқынын арттыруды және жұмыстарды уақтылы аяқтауды тапсырды.

Сапаны бірінші кезекке қойған қала әкімі құрылыс нысанын аралау кезінде бірқатар кемшіліктерге назар аударып, жауаптыларға айтылған сыннан нәтиже шығару керектігін ескертті.

### ДЕНСАУЛЫҚ

## ІШКІ АҒЗАЛАРДЫ ТРАНСПЛАНТАЦИЯЛАУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

**Ағзаларды транспланттау – бұл ағзаларды немесе тіндерді дененің басқа жеріне, басқа ағзаға ауыстыру. Көптеген аурулар адам ағзасының жұмысын тоқтатып, трансплантациялау қажеттілігіне әкелуі мүмкін. Бұл ересек адамдарда да, балалар арасында да кездесіп жатқан жағдай. Осы орайда елімізде жүрек, өкпе, бауыр, бүйрек, ұйқы безі трансплантациясы жасалады.**



Жетісу облыстық аурухана директорының орынбасары Ғалым Елибаев пен Талдықорған көпсалалы ауруханасы хирургиялық бөлімшесінің меңгерушісі Асқар Ахбаев ішкі ағзаларды трансплантациялаудың маңыздылығы жөнінде айтты. Трансплантттау қажеттілігі туралы нақты шешім қабылданған адамдар күту парағында кезекте тұрады. Статистикаға сәйкес, олардың көпшілігі кезегіне жетіп үлгермейді. Мамандар донорлыққа келісім беру мәселесі өзекті екенін тілге тиек етті. Донор болу үшін қойылатын ең басты талаптар – адамның денсаулығының қалыпты және белгілі жас мөлшерінде болуы. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР кодексінің 210-бабының 1-тармағына және 212-бабының 1-тармағына сәйкес: ағза мен тіндердің тірілей доноры - 18 жастан асқан, әрекетке қабілетті, реципиентпен генетикалық байланыста болған немесе онымен тіндік үйлесімділігі бар, трансплантациялау үшін жазбаша нотариалды куәландырылған келісімін білдірген адам; қайтыс болғаннан кейінгі донор - 18 жастан асқан адам, оның мүшелері немесе тіндері реципиентке трансплантациялау үшін пайдаланылуы мүмкін мидың өлімі анықталған адам бола алады. Донор еш патологиясыз, қатерлі және жұқпалы аурулары, қант диабеті және өзге де созылмалы аурулары жоқ органдарға ие болуы керек. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексіне сәйкес адам ағзаларын және тіндерін сатып алу және сатуға болмайды. Тыйым салынған шартты бұзған жағдайда заңмен қудаланады.

**Назерке ӘДІЛБЕКОВА**

### БРИФИНГ

## ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

**Ағымдағы жылдың 15 тамызынан бастап өрт қауіпсіздігі айлығы өткізіліп, онда профилактикалық іс-шаралар, халықтың әлеуметтік осал топтарының отбасылары және жеке тұрғын үйлердің жалпы аралауы қамтылды. Бүгінгі таңда 404 улы газ анықтағыш құрылғы орнатылған. Бұл ауадағы көміртегі тотығының қауіпті концентрациясын анықтауға арналған газталдағыштардың түрі болып саналады. Жылыту маусымы кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы Жетісу облысы ТЖД мемлекеттік өрт бақылау басқармасының қызметкерлері баспасөз мәслихатында мәлімдеді.**



Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы ақпараттандыру жұмыстары мақсатты түрде жүргізілуде. Спикерлер «Жыл сайын жылыту кезеңінен өту мәселелері Департаменттің ерекше бақылауында болады. Облыс бойынша өрттің 65%-ы жылыту кезеңінде орын алады. Осыған байланысты, дайындық және өткізу шеңберінде облыс аумағында 2024-2025 жылыту кезеңінде тұрғын үй секторында өрт профилактикасын жүргізу жоспары әзірленіп, бекітілді. Халықты ақпараттандыру мақсатында тұрғын үй секторын аралау барысында өрт қауіпсіздігі ережелері мен пайдалы сілтемелерді оқу үшін QR-кодтары бар ұсыныстардың түбіртектерін тапсыру практикасы енгізілді» – деп атап өтті. Жылыту маусымы басталар алдында және жылу беру маусымы барысында түтін құбырларын, түтін мұржаларын және жылыту пештері мен жүйелерінің басқа элементтерін күйеден кемінде үш айда бір рет тазалау керектігін баса айтты. Жылдағы дәстүрге сай жылыту маусымы уақтылы басталды. Ағымдағы жылы Гагарин, Алдабергенов, Қаблиса жырау, Жансүгіров, Қабанбай батыр көшелерінде жылу құбырларын қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, жалпы ұзындығы 5,4 шақырымды құрады. Сонымен қатар, Абай, Дарабоз ана, Қабанбай батыр, Балпық би көшелерінде жаңа жылу желілері салынды. Мамандардың айтуынша аталмыш жұмыстар қала аумағында жылыту маусымы кезінде орын алатын апаттық жағдайды болдырмау, шаһарды үздіксіз жылумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған. Айта кетейік, бүгінде қаламызда жылумен және ыстық сумен қамтып отырған 10 қазандық жұмыс істейді. Сондай-ақ, қаламыздағы ең үлкен «Басқуат» жылу қазандығының жүктемесін азайту мақсатында қосымша жаңа қазандық салу жоспарлануда.

**Назерке ӘБІЛҒАЛИҚЫЗЫ**

## ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ЖОЮ

**Қала әкімдігінің мәжіліс залында қала әкімінің орынбасары Қуаныш Сейтімбетовтің төрағалығымен төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті.**

Жиында қала аумағында төтенше жағдайлардың алдын алу мәселелері бойынша қалалық мекеме басшылары және қалалық төтенше жағдайлар департаметінің баяндамалары тыңдалды.

Күн тәртібінде бірнеше мәселе талқыланып қаралды. Атап айтқанда:

*- 2024 жылы су тасқыны кезінде қауіп туғызған аймақтардың қазіргі жағдайы бойынша баяндалып, 2025 жылға дайындық барысы пысықталды.*

Бұдан бөлек, «Алмалы» және «Ащыбұлақ» су қоймаларының қазіргі жай-күйі туралы баяндалды. Сондай-ақ, 2024-2025 жылдардағы жылыту кезеңіне дайындық барысымен жылыту маусымы кезеңінде тұрғын үй секторында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері қаралды.

Қала әкімінің орынбасары Қуаныш Сейтімбетов жиында көтерілген әрбір мәселе бойынша жіті назарға алып, бақылау шарасын күшейтуді тапсырды.

**Талдықорған қаласы әкімдігінің баспасөз қызметі**

## ЭКОНОМИКА

# ФОНД «ДАМУ» СОДЕЙСТВУЕТ РАЗВИТИЮ МАЛОГО И СРЕДНЕГО БИЗНЕСА

**Национальный институт развития Фонд «Даму» оказывает содействие качественному развитию малого и среднего бизнеса в Казахстане, что дает ощутимый экономический эффект. В частности, в области Жетісу в период с 2010 по 2023 годы предприниматели, получившие государственную поддержку, создали 7 тысяч новых рабочих мест и уплатили налогов на сумму 249 млрд тенге. Об этом сообщил директор филиала Фонда «Даму» по области Жетісу Алимхан Тлеужанов в ходе организованного пресс-тура.**

*«С начала 2024 года Фонд оказал поддержку малым и средним предприятиям региона на общую сумму 19,7 млрд тенге. Всего было поддержано 484 проекта. Из них по направлению субсидирования - 250 проектов на сумму 10,3 млрд тенге, по направлению гарантирования – 234 проекта на сумму 9,4 млрд тенге»,* - также отметил директор филиала.

Субсидирование и гарантирование – основные инструменты, посредством которых оказывается поддержка МСБ. Так, субсидирование позволяет предпринимателям снизить процентную ставку по кредиту, соответственно, уменьшить свои ежемесячные выплаты, а сэкономленные средства направить на развитие своего дела. Инструмент гарантирования дает возможность покрыть требуемый банками залог (при его отсутствии) для получения кредита на открытие или развитие бизнеса.

Предприниматели, открывшие в городе Талдыкоргане частную школу «Умные детки», офтальмологическую клинику «Коксу Мед» и детский бассейн «Aqua Club Tomiris», также заручились поддержкой Фонда «Даму». С работой данных объектов и ознакомились представители СМИ в ходе пресс-тура.

Экскурсию по частной школе, распахнувшей свои двери для школьников 1 сентября текущего года, провела ее директор Гаухар Батырбекова. Еще в 2017 году она запустила развивающий центр «Умные детки». Так как бизнес стал успешно развиваться, количество детей и сотрудников увеличилось, предприниматель дала запрос на открытие частной школы.



*«Обратилась в Банк ЦентрКредит, где мне одобрили кредит под 8% годовых на реконструкцию и строительство школы, а также покупку оборудования. Благодаря Фонду «Даму» была снижена процентная ставка по кредиту и предоставлена гарантия. В сентябре школа «Умные детки» начала свою работу. Рассчитана она на 200 ученических мест, с 1 по 4 классы. В настоящее время в ней обучаются 125 учащихся, в классах с казахским и русским языками обучения»,* - отметила Гаухар Батырбекова.

По словам директора, дети находятся в заведении с 8.00 до 18.00 часов. До обеда проводятся основные уроки, после обеда – продленка. Три раза в неделю работают кружки, их в школе четыре: шахматы, рисование, танцы, карате. Начиная с 1 класса, факультативом проводится английский язык. Также предусмотрено трехразовое питание: завтрак, обед и полдник. Одним словом, для школьников созданы все условия, чтобы родители в течение рабочего дня не переживали о своих детках и вечером не тратили время на приготовление с ними домашнего задания.



Казахстанско-немецкий центр «Коксу Мед» известен в Талдыкоргане и за его пределами с 2014 года. Основан он при поддержке иностранных инвесторов из Германии. Основным направлением деятельности медицинского центра является оказание офтальмологической помощи. В клинике имеется современное, новейшее оборудование, с помощью которого проводится точная и качественная диагностика, оказывается высококвалифицированная помощь гражданам. За период существования «Коксу Мед» успешно проведено более 6000 операций на глаза.

Операции проводятся под началом хирургов высшей категории. Одним из них является Арлан Тулеуов, офтальмолог, оперирующий и лазерный хирург.



*«Я веду прием как взрослых людей, так и детей. В день принимаю 30-35 человек. И число пациентов с каждым годом увеличивается, особенно детей, так как цифровые технологии оказывают и негативное влияние, в частности, на зрение. Кроме этого провожу операции, для которых в клинике есть свои определенные дни: во вторник проводятся операции по удалению катаракты, в среду – амбулаторные, в четверг – лазерная коррекция зрения»,* - рассказывает Арлан Тулеуов.

Для расширения спектра офтальмологических услуг медицинский центр получил кредит в АО «Forte Bank» под 15,25% годовых, часть которых субсидируется Фондом «Даму», что позволяет предпринимателю оплачивать только 6%. Также предоставлена гарантия на не достающуюся часть залога.

Оздоровительный центр «Aqua club Tomiris» открыт в 2021 году. И это единственный бассейн, в котором занимались с малышами от 3 месяцев до 7 лет. Индивидуальный предприниматель Мухамеджанов С.А. решил расширить свой бизнес и обратился в АО «Банк ЦентрКредит», где ему одобрили кредит по программе «Национальный проект по развитию предпринимательства на 2021-2025 годы». Благодаря инструментам субсидирования и гарантирования Фонда «Даму» процентная ставка по кредиту была снижена до 8% годовых и предоставлена гарантия на недостающую часть залога.

На полученные средства предприниматель открыл новый большой бассейн для занятий с детьми от 2 месяцев до 9 лет. В бассейне, глубиной 60 и 120 см, - морская вода, температура которой поддерживается на уровне 33 градусов.

Здесь работают 4 квалифицированных тренера, являющиеся специалистами своего дела и имеющие достаточный опыт работы с малышами.

*«В центре «Aqua club Tomiris» я работаю больше двух лет. Мы, тренеры, проводим индивидуальные и групповые занятия, как с обычными детьми, так и с детьми, имеющими особенности в развитии и требующими профессиональный подход. Вода помогает деткам расслабиться, снять нагрузку с суставов и мышц, стимулирует развитие моторики, координации, улучшает дыхание, а также дает основы плавания. Мы работаем на результат, и дети его показывают. В день бассейн посещают около 40 наших маленьких друзей»,* - отметил один из тренеров – Алексей Подгорнов.

В целом, филиал Фонда «Даму» по области Жетісу оказывает поддержку предпринимателям МСБ не только города Талдыкоргана, но и всего региона. При этом специалисты Фонда имеют значительный опыт работы как с бизнес-сообществом, так и общественными организациями и местными исполнительными органами власти.

**Алма УРАЗАЕВА**

## ДЕНЬ СПАСАТЕЛЯ

# БОЛЕЕ 27 ТЫСЯЧ СОТРУДНИКОВ НЕСУТ СЛУЖБУ В ЧС РК

**19 октября 2024 года органам гражданской защиты исполнится 29 лет. Исходя из истории, в 1995 году был образован Государственный комитет Республики Казахстан по чрезвычайным ситуациям – как центральный исполнительный орган, уполномоченный в области чрезвычайных ситуаций природного и техногенного характера и Гражданской обороны страны.**

День образования Государственного комитета Республики Казахстан по чрезвычайным ситуациям является профессиональным праздником системы гражданской защиты – **Днем спасателя.**

По информации пресс-службы ведомства, начиная с 1995 года, система Гражданской защиты претерпевала существенные изменения. В рамках совершенствования структуры центральных исполнительных органов, ГКЧС был преобразован в комитет, агентство, министерство, а после вошел в состав МВД. В 2020 году вновь было выделено в отдельное ведомство в Правительстве РК.

За годы работы службами ЧС (1995-2023 годы) совершено более 1,6 млн выездов на ликвидацию чрезвычайных ситуаций. Благодаря деятельности, профессионализму, оперативности пожарных и спасателей спасено более 421 тыс. человек, эвакуировано из различных зон ЧС свыше 383 тыс., оказана медицинская помощь более 72 тыс. пострадавшим.

Ежегодно в среднем регистрируется более 18 тыс. ЧС природного и техногенного характера, из них происходит 12 тыс. пожаров. Из зоны ЧС спасатели спасают 8 тыс. граждан, эвакуируют свыше 20 тыс. человек, оказывается медицинская помощь 4 тыс. пострадавших.

Рискуя и спасая жизни граждан, за время существования противопожарной и спасательной служб в стране при исполнении служебных обязанностей погибли 73 сотрудника.

Сегодня в органах гражданской защиты несут службу более 27 тыс. сотрудников.

**Наш корр.**

## СОЦИАЛЬНОЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО

# ПРИ ЖЕЛАНИИ можно найти и ВОЗМОЖНОСТИ

**Айгерим Ашимханова – многодетная мама, обладательница подвески «Күміс алқа». Вместе с супругом воспитывают шестерых детей. А так как чада требуют внимания, ухода и заботы, долгое время оставалась домохозяйкой. Когда появилась возможность работать, то, куда бы ни обращалась, при небольшом стаже работы предлагали и небольшую заработную плату. Тогда супруг подтолкнул ее к идее заняться своим делом в сфере общественного питания, апелируя словами: «Ты очень вкусно готовишь, и у тебя все получится в этом направлении».**



В мае 2018 года Айгерим по тендеру на платформе госреестра сняла в аренду столовую Дворца школьников, наняла работников общепита и начала работать. В 2020 году из-за распространения коронавирусной инфекции столовую пришлось закрыть.

Но руки предприниматель не опустила, а начала изучать имеющиеся государственные программы и законодательные акты. Так, узнала про реестр субъектов социального предпринимательства и за подробной консультацией обратилась в областное управление предпринимательства и индустриально-инновационного развития. В 2023 году Айгерим Ашимханова попробовала попасть в данный реестр, но не смогла. В текущем году ей это удалось. И вошла она в реестр субъектов социального предпринимательства по первой категории, в которую входят лица с инвалидностью, родители и иные законные представители, относящиеся к малообеспеченным, многодетным или неполным семьям, а также многодетные матери, награжденные подвесками «Алтын алқа», «Күміс алқа» или получившие ранее звание «Мать-героиня», а также награжденные орденами «Материнская слава» I и II степени, и многие другие.

*«По правилам ведения реестра более 50 процентов работников должны входить в обозначенные категории. В частности, у меня шесть человек, четверо из которых входят в указанную выше первую категорию, это многодетные матери и женщины, одни воспитывающие детей. То есть это люди, близкие мне по духу. Им не всегда удается найти хорошо оплачиваемую работу, коим примером являюсь я сама. И, как многодетная мама, предоставляя им рабочие места, я тем самым становлюсь социальным предпринимателем»,* - поясняет Айгерим Ашимханова.

По ее словам, для предпринимателей, вошедших в данный реестр, государство предоставляет льготы. Самая главная из них – выставляемые объекты разыгрываются вначале среди социальных предпринимателей, а так как их не так много и суммы ими выдвигаются небольшие, то шанс выиграть – довольно большой. Потом уже они выводятся на общую платформу.

Так, посредством участия в госреестре как социальный предприниматель Айгерим Ашимханова смогла в этом году взять в аренду столовые в учреждениях образования областного центра - Талдыкорганском агро-техническом колледже и Талдыкорганском высшем медицинском колледже. Конечно, перед этим ею велся тщательный мониторинг: осмотр объектов, наличие оборудования, количество учащихся и др. Кормить студентов заведения общепита стали с начала нового учебного года.

*«В каждой столовой у меня есть свои заведующие. Самое главное, все люди работают официально, получают заработную плату, имеют соцотчисления. В данное время проходят стажировку еще два человека, также входящие в категории Правил реестра: с инвалидностью и предпенсионного возраста,* - говорит Айгерим Даулетовна. – *Хочу подчеркнуть, что, если человек хочет работать, то государство для этого предоставляет хорошие возможности. Каждая программа рассчитана на определенные слои населения, что тоже верно, это увеличивает шанс участия в ней. Сейчас изучаю и другие госпрограммы, возможно, какая-нибудь из них также подойдет для меня».*

**Алмагуль ЖАНДОСОВА**

Республика күні 25 қазан

# ҚАРТТАРЫН ҚАДІРЛЕГЕН ЕЛ АРДАҚТЫ

**Қарттар – біздің асыл қазынамыз. Ал, даналықтың алтын кілті – ата-бабамыз десек, еш қателеспейміз. Салтанат сарайында алдағы ұлық мереке Республика күні мен Халықаралық қарттар күніне орай «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты шара өтті. Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл қаланың белсенді ардагерлерімен кездесті.**



Ернат Бәзіл: *«Құрметті абзал ағалар, қадірменді ардагерлер, қадірлі асыл аналар, сіздер әрқашан да құрметке лайықсыздар. Сіздердің әрқайсыларыңыздың жүріп өткен жолдарыңыз бен еңбектеріңіз – ұрпақ үшін үлгі-өнеге. Бүгін біз үлкенді үлгі тұту, аға буын өкілдерінің еңбектерін, ел дамуына қосқан үлестеріңізді құрметтеу мақсатында осы салтанатта бас қосып отырмыз.1980 жылдары құрылған қалалық ардагерлер кеңесі спорттық, мәдени, түрлі байқауларды ұйымдастыруда белсенділік танытып келеді. Жалпы қалада 26 мыңнан аса зейнеткер бар. Айтулы мереке қаламызда бір айға жалғасқан акция түрінде өткізіліп келеді. Әр мекеме, кәсіпорын ардагерлерді құрметтеп, қайырымдылық көмек көрсетуде. Сіздерге денсаулық, отбасыларыңызға амандық, ұзақ ғұмыр тілеймін».*

Ата жолын жалғап келе жатқан ақсақал аталарымыз бен ақ жаулықты әжелеріміз бала тәрбиесіне, қаланың қоғамдық өміріне белсенді араласады. Қала әкімі Ернат Бәзіл бір топ ардагерлерге Алғыс хат табыстады. Мерекеге орай белсенді қарттар қалалық ардагерлер кеңесінің де марапатына ие болды. Шара қонақтары қала өнерпаздарының әсем әндерін тыңдап, көңілдері көтеріліп қалды.

Кездесу соңы мейрамханадағы түскі асқа ұласты.

**Данагүл МӘКЕН**

## ЗАҢ АЯСЫНДА

# ӨТІНІШТЕР ҚАРАУСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

**Қала әкімдігінің мәжіліс залында Талдықорған қаласы әкімі аппаратының басшысы Ербота Садырқұловтың төрағалығымен жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау бойынша 9 айдың қорытындысы тыңдалды.**



Аталған мәселе бойынша қала әкімі аппаратының құжаттамамен қамтамасыз ету және азаматтардың өтініштерін қарауды бақылау бөлімінің басшысы Айнаш Жібітаева баяндамасы жасады.

Сонымен қатар, «e-Qyzmet» ақпараттық жүйесі бойынша және қызметтік көліктердің мақсатсыз жеке мүдде үшін пайдаланылмау керектігі бойынша мекеме басшылары мен округ әкімдерінің орынбасарларына түсіндіру шаралары мен ескертпелер жасалды.

Айта кетейік, «e-Otinish» ақпараттық жүйесіне жыл басынан бері қала әкімдігіне жеке және заңды тұлғалардан 10 мыңға жуық арыз – шағым түскен.

## ТАЛДАУ

# ҚЫЗМЕТ САПАСЫН АРТТЫРУ

**Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасын арттыру және қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында қала әкімдігі жанынан және қоғам белсенділерінен құрылған талдау тобы қала аумағындағы бірнеше маңызы бар әлеуметтік нысандардың мүгедектігі бар азаматтарға қолжетімділік талаптары тексерілді.**

Бұл шараның мақсаты – мүгедектігі бар азаматтарға қолайлы орта қалыптастыру, барынша жағдай жасау. Тексеріс барысында, орын алған кемшіліктер анықталып, жауапты мекемеге оңтайлы шешу үшін уақыт берілді. Талдау шарасы әлі де жалғасатын болады.

## ӘЛЕУМЕТ

# ҚҰРМЕТ ПЕН ҚОЛДАУ

**Қазан айының екінші жексенбісінде елімізде мүгедектігі бар адамдар күні аталып өтіледі. Бұл күн мүгедектігі бар азаматтардың мәселелеріне көңіл бөлуге, құқығы мен денсаулықтарын қорғауға, олардың саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени өмірге қатысуына бағытталған. Сонымен қатар оларға құрмет пен қолдау көрсетуге, қоғамда азаматтардың тең екенін және оны есте сақтау керектігін білдіреді.**




Елімізде 705 мыңнан астам мүгедектігі бар адам болса, оның ішінде Жетісу облысында 22 мыңды құрайды. Жалпы, ерекше қажеттіліктері бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы еңбек олардың қоғамға толық енуіне және осы санаттағы адамдардың басқалармен тең дәрежеде өмір сүруіне, жұмыс істеуіне және оқуына, қоғам өміріне еркін қатысуына негізделген. Бүгінде бұл санаттағы азаматтар әр салада қызмет етеді, мәселен, Қазақстан Республикасы Парламентінің, облыстық және қалалық мәслихаттардың депутаттары, мемлекеттік қызметшілер, әкімдердің кеңесшілері, халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметкерлері, спортшылар, әншілер т.б. болып табылады. Аталмыш күнге орай Талдықорған қаласында салтанатты жиын өтті. Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл жиынға қатысушыларды мерекемен құттықтап, осы салада еңбек етіп жүрген бірқатар қызметкерлерді марапаттады. Сондай-ақ, республикада ерекше қажеттіліктері бар адамдардың құқықтарын қорғау және өмір сүру сапасын арттыру саясаты жүйелі түрде іске асырылып жатқанын атап өтті. Айта кетейік, жиын барысында ерекше күтімді қажет ететін үш балаға көпсалалы арба сыйға тартылды. *«Жеті жасқа толған кезде менің ұлыма мүгедектіктің бірінші тобы диагнозы қойылды. Көптеген ата-аналар мамандандырылған арбаны сатып ала алмайды, өйткені оның құны шамамен үш миллион теңге. Бүгін біз бақыттымыз, өйткені біз арбаны тегін алдық. Ол Амирдің қала бойынша қауіпсіз жүруі үшін қажет нәрсенің барлығымен жабдықталған. Жалпы, бізге гигиеналық құралдармен және барлық қажетті заттармен көмектеседі. Осындай сыйлық үшін демеушілерге, облыс және қала басшылығына үлкен рахмет»,* - дейді Амир Нұрымбетовтың анасы Мақпал Кәрібаева.

Елімізде мүгедектігі бар азаматтарға білім беру, жұмыспен қамту, денсаулық сақтау, әлеуметтік көмек, оңалту қызметтері, саяси және қоғамдық өмірге қатысу және т. б. құқықтарын жүзеге асыруға кепілдік беретін заңнама бар. Барлық өңірлерде қолжетімді орта құру, жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету және ерекше қажеттіліктері бар адамдарды техникалық көмекші құралдармен және арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдануда. Аймағымызда жан-жақты қолжетімділікті қамтамасыз етіп, кедергісіз орта қалыптастыруға баса назар аударылуда. Әлеуметтік инфрақұрылым нысандарында жүйелі жұмыс жүргізіледі. Түрлі мемлекеттік мекемелер мен нысандар жоспарға сәйкес жасақталып, мүмкіндігі шектеулі жандар «Инватакси» қызметін тұрақты пайдаланады.

**Назерке ӘДІЛБЕКОВА**

## СПОРТ

# «KYZMET CUP - 2024» ТУРНИРІ

**«Жастар» спорт сарайында мемлекеттік қызметшілер арасында футзалдан «Kyzmet CUP - 2024» турнирінің финалдық кезеңі өтті.**



Финалдық ойынға Жетісу облысының әкімдігі, Ақсу, Текелі және Талдықорған қаласы әкімдігінің командалары өтіп, өзара мықтыны анықтады.

Тартысқа толы турнирдің қорытындысы бойынша ІІІ-орынды Жетісу облысының әкімдігі, ІІ-орынды Текелі қаласының әкімдігі алса, ал турнир жеңімпазы болып, Талдықорған қаласының әкімдігі атанды.

Айта кетейік, турнир ҚР мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің, Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының ұйымдастыруымен және қала әкімдігінің қолдауымен өтті.

**Талдықорған қаласы әкімдігінің баспасөз қызметі**

ӨЗЕКТІ

# ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕ ОЛҚЫЛЫҚТАРҒА ЖОЛ ЖОҚ



**Жуырда Тіл сарайында Талдықорған қаласының прокуроры Марат Сматовтың төрағалығымен «Тәрбиенің кешенді бағдарламасын жүзеге асыруда әлеуметтік серіктестікті дамыту» атты дөңгелек үстел отырысы өтті. Балалар мен жасөспірімдердің арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу және болдырмау жолдарын қарастыруға арналған келелі жиынға Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл қатысты.**

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деп халқымыздың біртуар ұлы Мұхтар Әуезов бекер айтпаса керек. Ертеңгі ел тірегі болатын жас ұрпақты төл тілі мен салт-дәстүрін дәріптейтін, қайырымды, мейірімді азамат етіп қалыптастыру барша қауымның жұмыла атқарар ісі. Талдықорған қаласының әкімдігі, қалалық прокуратура, Жетісу облысының ата-аналар комитеті бірлесе ұйымдастырған жиында алғашқы болып сөз алған Талдықорған қаласының прокуроры Марат Сматов жасөспірімдер арасындағы қылмысты оқиғалардың алаңдатарлық жағдайға жеткендігіне көпшілік назарын аударды.

*– Бүгінгі кеңеске қаламыздағы жауапты сала өкілдерін жинаған себебіміз, Талдықорған қаласында кәмелетке толмағандар арасында және оларға қатысты өсіп келе жатқан қылмыстың мәселесін талқылау және оларды шешудің жолдарын нақты бекіту. Өздеріңіз білетіндей, кәмелетке толмағандармен жасалатын қылмыстар және оларға қарсы жасалған қылмыстар бәрімізді ерекше алаңдатуда. Алдын ала жүргізілген талдау нәтижелеріне сүйенсек, қылмыстың өсуі, оның ішінде балалармен жасалған қылмыстың өсу себептерінің бірі-қараусыз қалу және олардың сабақтан тыс уақытта тиісті іс-шарамен қамтылмауынан болатынын көрсетіп отыр. Демек, қоғамдық ұйымдар мен жергілікті атқарушы органдар, құқық қорғау органдары басқа да жауапты сала өкілдерінің атқарған жұмыстарының нәтижесі әлі де көңілден шығып отырған жоқ. Қылмыс жасаған кәмелетке толмағандардың негізгі бөлігі- оқушылар немесе оқу кезінде сабақтан тыс уақытта бос жүретін балалар екендігі анықталып отыр. Бала қайда кетті? Ол немен айналысып жатыр?,- деп ойлап жатқан адам жоқ. Әсіресе, колледж студенттері арасында қылмыстық оқиғалар жиі орын алады. Олардың топ құрып, ішімдік ішіп, есірткі қолдануы, ерте жастан жыныстық қатынасқа түсуі жаға ұстатады. Салдары орны толмас өкініштерге әкеліп соғуда. Мемлекет басшысы айтқандай, балалардың шығармашылықпен айналысып, спортқа көп көңіл бөлуіне ықпал етуіміз қажет. Олардың отансүйгіштік патриоттық сезімдерін оятып, еңбекке баулу бәрімiздің міндетіміз. Сондықтан да еліміздің болашағы-жастарға дұрыс тәрбие беру, дұрыс жол көрсетуді естен шығармауымыз керек,-* дей келе, бірқатар оқиғаларды мысал ретінде келтірді. Қаламыздағы жасөспірімдер ісіне қатысты күрделі мәселе шаһарымыздың басшысы Ернат Бәзілдің де назарында.

*– Бүгін өте күрделі мәселе көтеріліп отыр. Соңғы уақытта көрші елде, көрші облыста, көрші қалада емес, өз қаламызда да жасөспірімдердің қолымен істеліп жатқан түрлі қылмыстар көбейіп кетті. Бұл әрине бізді қатты уайымдатады. Ішкі істер органдары, құқық саласының қызметкерлері жасөспірімдерге қарсы жасалатын және жасөспірімдердің қатысуымен жасалған қылмыстарды нақты дәлелдермен айтып отыр. Бала-ең әуелі ата-анасының қамқорлығында өседі, тәрбие көреді. Бәріміз де бала өсіріп отырмыз. Оған жауаптымыз. Баланың бос уақытын жіті қадағаласақ, әр мінезіне мән берсек, мүмкін көптеген қылмыстың алдын алуға болар ма еді. Қазір қаламызда 30-дан аса мектеп бар, орта білім беру мекемелері, т.б. балалардың білімдерін жетілдіру орталықтары тіркелген. Онда білікті ұстаздар мен мамандар қызмет атқарады. Десек те, ғаламтор арқылы балалар түрлі оқиғаларды көреді, соған еліктейді, ереді. Сондықтан да жауапты органдар, сала мамандары болып бәріміз бала тәрбиесін қолға алуымыз керек. Біз өз тарапымыздан қолдау көрсетуге қашан да әзірміз. Ортақ мәселені ашық талдап, қадағалауға алып, нақты шешімдер шығаруға тиіспіз. Бүгін осыған мән бермесек, ертеңімізді жалғастырар ұрпақты жоғалтып алуымыз мүмкін. Мемлекет басшысының қолдауымен жаңа Қазақстанды, әділ Қазақстанды құрып жатырмыз. Жанталасып заман талабына сай жаңа ғимараттар тұрғызып, жаңа кешендер салып жатырмыз. Оның барлығы ұрпақ қамы. Білімді, тәрбиелі ұрпақ – ел ертеңі. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, қоғам болып осы іске жұмылмасақ, ертең бәрі кеш болады.Сондықтан баршаңызды бала тәрбиесіне қатысты мәселеде белсенділік танытуға шақырамын,-* деді.

Уәкілетті лауазымды тұлғалар мен азаматтық қоғам институттары өкілдерінің қатысуымен өткен шараға модератор болған «Жетісу облысының Азаматтық альянсы» ЗТБ-нің президенті, Жетісу облысының ата-аналар комитетінің төрайымы Дания Қыдырбаева дөңгелек үстел басында қарастырылып отырған мәселенің мақсаты жайында айтты.

*– Еліміздің болашағы – ертеңгі тәртіпті де тәрбиелі ұрпақ екені даусыз. Ұл тәрбиелей отырып – жер иесін, қыз тәрбиелей отырып – ұлтты тәрбиелейміз. Бұл басқосу бәріміз үшін маңызды. Қаламыздағы жасөспірімдер арасында ойландыратын проблемалардың бары рас. Жас ұрпаққа тәлімді тәрбие беруді ата-аналар, қоғам, ұстаздар қауымы болып қолға алсақ, алынбайтын қамал жоқ. Балалар мен жасөспірімдердің, жастардың арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алуда, олардың шығармашылық, рухани, интелектуалдық және физикалық мүмкіндіктерін дамытуға баса назар аударуға тиіспіз. Ұлтаралық қарым-қатынасқа, азаматтық пен патриоттыққа, өз Отанын сүюге, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрін қастерлеуге тәрбиелеу баршамыздың міндетіміз. Бала қауіпсіздігін сақтау, суицидтің, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың, буллинг және кибербуллинг, лудомания, интернет тәуелділік құбылыстарының алдын алу, салауатты өмір салтын қалыптастыру-отбасы, бала, мектеп пен қоғам арасындағы тиімді қарым-қатынас дағдыларын дамытудан, сенімділік пен ықтымақтастықтан, ата-аналардың белсенділігінен, педагогикалық, психологиялық сауаттылықты арттырудан туындайды. Сондықтан да мен Талдықорған әкімі, Талдықорған қаласының прокуроры, Жетісу облысының ата-аналар комитеті арасында үш жақты келісіммен «Жол картасын» құрып, жоспар бойынша жұмыс жасауды ұсынып отырмын,-* деді. Келелі жиынға қатысушылар ортақ мәселеге ой қосып, пікірлерін айтты. Қоғам белсендісі, ақсақалдар кеңесінің мүшесі Ерғазы Қошанбеков орамды ойын ортаға салды.

*– Кешегі біздің данагөй аталарымыз «Қой асығы демеңіз, қолға жақса-сақа тұт, жасы кіші демеңіз, ақылы асса-аға тұт» деген. Біздің Қазақстан Республикасының заңдарының ішінде «Отбасы туралы» заң бар. Ал ТМД мемлекеттерінің ішінде Тәжікстанда ғана «Ата-аналардың құқығы» деген заң бар екен. Бізде де осындай заң қабылдануы керек. Ол үшін барша ата-аналар, қоғам болып, көпшілік болып атсалыссақ, нәтиже берер еді. Екіншіден, білім ордаларында білім сапасын көтеруіміз керек. Біз ардагерлер мектептермен тығыз байланыстамыз.Кейде ашық сабақтарға қатысқанымызда байқағанымыз, сабақ барысында алдыңғы қатарда отырған 5-6 бала ғана белсенділік танытып, сабақ айтады. Басқасы ұйықтап отырады. Неге десеңіз, олар түнде мейрамханалар мен демалыс орындарында жұмыс жасайды екен. Қалталарына ақша түскен соң, түрлі нәрселерге қызығып, кейде қылмысқа да бой алдырып қалады. Колледжде де осы жағдай. Сондықтан да, шындықты жасырмай, қылмыстың алдын алуға жұмыс жасайық,-* деген пікірін білдірді. Жиынға қатысқан «Жетісу облысының дін істері басқармасы» ММ басшысы Сағыныш Жаңабай пікірін білдіріп,өзі басқарып отырған сала бойынша біраз статистикалық деректермен бөлісті.

*– Бүгінгі басқосуда ортақ үлкен мәселе қозғалып отыр. Қылмыстың үлкен, кішісі жоқ. Осы мүмкіндікті пайдаланып, Дін істері басқармасында бұл бағытта көптеген жұмыстар жасалып жатқанын айтқым келеді. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықпен қатар жат ағымдардың жетегінде кетуі сынды үлкен мәселе бар. Себебі кейбір отбасындағы балалар дәстүрлі құндылықтарды құрметтеуге емес, теріс ұғымдарды бойына сіңіріп өседі. Оның алдын алу мақсатында жұмыстар жасалуда. Нәтижесіз де емес*,- дей келе, балалар қылмысында ғаламтордың атқарып отырған рөлі орасандығын тілге тиек етті.

Мәселен, Талдықорған қаласында 1 ғана жасөспірім интернет желісі арқылы 400-ден астам топқа тіркелген. Олардың қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін айырмайтын баланың теріс жолға түсуі оңайырақ. Басқосуға қатысып, пікірін білдірген жауапты сала мамандары да ұрпақ тәрбиесінде олқылықтарға жол беруге болмайтынын айтты.

Төрт құбыламызды түгендеп, көк туымызды желбіретіп, тәуелсіздігіміздің баяндылығын тілеп отырғанда бірлігіміздің берекелі, тірлігіміздің мерекелі, ынтымағымыздың жарасқаны елдігімізді арттырып, рухымыздың мерейін асқақтата түсері анық. Халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған мұрасына ие болатын – тек өз ұрпағымыз. Олар тілінен, ділінен, дінінен айырылмай, үлкенге-құрмет, кішіге-ізет етер салтымызды ұстанып, білімді болып өсуіне бәріміз жұмыла қызмет етуіміз керек. Өткенімізді қиянаттан арашалаймыз деп жүріп, бүгінгі күнімізді естен шығарып алмайық! Ертеңгі тарих – бүгіннен басталып жатыр. Жылдарды санамағанда оның әр сәті, әр күні қымбат.

**Гүлжанат НҰРШАНОВА**

ОРТАҚ МҮДДЕ

# АТА-АНАЛАРҒА – ЖАҢА МОБИЛЬДІ ҚОСЫМША

**Қазақстанда мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарына балаларды күту және дамыту бойынша консультациялық көмекке қол жеткізуге мүмкіндік беретін «Беске дейін үлгер» мобильді қосымшасы іске қосылуда. Бұл туралы Оқу-ағарту министрлігі өкілдерімен Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте белгілі болды.**

«Беске дейін үлгер» қосымшасы ата-аналарға үй жағдайында балаларға денсаулық, тамақтану, тәрбие, дағдыларды дамыту және балалармен өзара әрекеттесу сияқты маңызды мәселелер бойынша қолжетімді әрі түсінікті контент ұсынады. Қосымшадағы барлық материалдар нейробиологиялық зерттеулердің ғылыми деректеріне негізделіп әзірленген, бұл олардың тиімділігі мен практикалық құндылығын қамтамасыз етеді.

*«Қазіргі уақытта қосымша пилоттық режимде Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Қызылорда және Ақтөбе облыстарындағы мектепке дейінгі ұйымдарда тестіленуде. Толық ауқымда іске қосу қараша айына жоспарланған. Сондай-ақ контент консультациялық орталықтарда да қолжетімді болады», –* деп атап өтті мектепке дейінгі білім беру департаментінің директоры Манар Адамова.

Ата-аналар мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелері бойынша тәулік бойы әдістемелік және психологиялық қолдау ала алады, бұл отбасыларда үйлесімді атмосфера қалыптастыруға ықпал етеді.



**ҚР Оқу-ағарту министрлігінің ресми сайты**

**ЖОБА**

## Талдықорған қалалық мәслихатының 2023 жылғы 15 қарашадағы «Талдықорған қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» №11-68 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Талдықорған қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Талдықорған қалалық мәслихатының 2023 жылғы 15 қарашадағы «Талдықорған қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» №11-68 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №188604 болып тіркелген) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Талдықорған қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» (бұдан әрі - мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты «бір терезе» қағидаты бойынша ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

2) арнайы комиссия – мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) әлеуметтік көмек – жергілікті атқарушы орган (бұдан әрі – ЖАО) мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар), сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне орай ақшалай немесе заттай нысанда көрсететін көмек;

4) әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган – республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органы;

5) әлеуметтік көмек төлеу жөніндегі уәкілетті ұйым – екінші деңгейдегі банктер, банк операцияларының тиісті түрлеріне қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы бар ұйымдар, «Қазпошта» акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелері;

6) ең төмен күнкөріс деңгейі – «Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Жетісу облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі есептейтін шамасы бойынша ең төменгі тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға шаққандағы ең төмен ақшалай кіріс;

7) жан басына шаққандағы орташа кіріс – отбасының бір айдағы жиынтық кірісінің отбасының әрбір мүшесіне тура келетін үлесі;

8) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

9) мерекелік күндер (бұдан әрі – атаулы күндер) – Қазақстан Республикасының кәсіптік және өзге де мерекелері;

10) уәкілетті мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты әлеуметтік қорғау саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қызметін реттеуді, бақылау функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

11) учаскелік комиссия – атаулы әлеуметтік көмек алуға өтініш жасаған тұлғалардың (отбасылардың) материалдық жағдайын зерттеп-қарау үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер әкімдерінің шешімімен құрылатын арнаулы комиссия;

12) шекті мөлшер – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері;

13) цифрлық құжаттар сервисі – «Электрондық үкімет» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторға бекітіп берілген және ақпараттандыру объектілерінен алынған мәліметтер негізінде қалыптастырылған электрондық түрдегі құжаттарды көрсетуге және пайдалануға арналған объектісі;

14) «Электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де қызметтерге қол жеткізудің «ортақ терезесі» дегенді білдіретін ақпараттандыру объектісі;

15) Электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін мыналар негіз болады:

1) дүлей апат салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келуі;

2) өрт салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келуі;

3) әлеуметтік маңызы бар аурудың болуы;

4) жергілікті өкілді органдар ең төмен күнкөріс деңгейіне еселік қатынаста белгілеген шектен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстың болуы;

5) жетімдік, ата-ана қамқорлығының болмауы;

6) жасының егде тартуына байланысты өзіне-өзі күтім жасай алмауы;

7) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылуы, пробация қызметінің есебінде болуы.

Дүлей апат немесе өрт салдарынан мүлкіне залал келген болса, әлеуметтік көмек залал келген мүлік орналасқан жер бойынша меншік иесінің тіркелген жеріне қарамастан көрсетіледі.

Әлеуметтік көмек көрсету және (немесе) адамның (отбасының) материалдық-тұрмыстық жағдайын зерттеп-қарау үшін жоғарыда көрсетілген негіздер бойынша көмек түрлерінің тізбесін жергілікті өкілді органдар бекітеді.

Арнайы комиссиялар әлеуметтік көмек көрсету қажеттігі туралы қорытынды шығарған кезде жергілікті өкілді органдар бекіткен азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу негіздерінің тізбесін басшылыққа алады.»;

10, 11 және 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Мереке күндері мен атаулы күндерге орай әлеуметтік көмек алушылардың өтініштері талап етілмей көрсетіледі.

Әлеуметтік көмекті алушылардың санаттарын ЖАО айқындайды.

Әлеуметтік көмекті алушылардың тізімдері мемлекеттік корпорацияға не өзге ұйымдарға сұрау салу негізінде не уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйелерінен электрондық түрде қалыптастырылады.

11. Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына берілетін әлеуметтік көмекті алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан (немесе өкілі, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 167-бабына сәйкес берілген сенімхат бойынша) жергілікті әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті органға немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне немесе мемлекеттік корпорацияға Үлгілік қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазбаша өтінішпен немесе Үлгілік қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша порталға электрондық түрдегі өтінішпен жүгінеді.

Жазбаша өтініш берген кезде құжаттарды қабылдайтын маман «электрондық үкімет» шлюзі арқылы мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың тиісті ақпараттық жүйелеріне (бұдан әрі – АЖ) Үлгілік қағидаларға 1-2-қосымшаға сәйкес нысанда сұрау салу қалыптастырады.

АЖ-да мәліметтер сәйкес келмеген (болмаған) кезде өтініш беруші өтінішке мынадай құжаттарды қоса береді:

1) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін);

2) адамның (отбасы мүшелерінің) табысы туралы мәліметтер (адамның (отбасы мүшелерінің) табысына қарамай тағайындалатын әлеуметтік көмекті алу үшін адамның (отбасы мүшелерінің) табысы туралы мәліметтер ұсынылмайды);

3) мұқтаждар санатына жатқызу негіздерінің болу фактісін растайтын төменде көрсетілген құжаттардың бірі:

дүлей апат салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келу фактісін растайтын құжат;

өрт салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келу фактісін растайтын құжат;

әлеуметтік маңызы бар аурудың болу фактісін растайтын құжат;

жетімдік, ата-ана қамқорлығының болмау фактісін растайтын құжат;

жасының егде тартуына байланысты өзіне-өзі күтім жасай алмау фактісін растайтын құжат;

бас бостандығынан айыру орындарынан босатылу, пробация қызметінің есебінде болу фактісін растайтын құжат.

Салыстырып тексеру үшін құжаттардың төлнұсқалары және көшірмелері ұсынылады. Салыстырып тексерілгеннен кейін құжаттардың төлнұсқасы өтініш берушіге қайтарылады.

Өтініш беруші толық емес құжаттар топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған кезде Үлгілік қағидаларға 1-3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш қабылдаудан бас тарту туралы қолхат беріледі.

Өтініш беруші әлеуметтік көмекке портал арқылы электронды түрде жүгінген кезде мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың АЖ-на қажетті мәліметтерді алу үшін өтініш берушінің өзі сұрау салады.

Бұл ретте мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың АЖ-нан келіп түскен электрондық өтініш пен мәліметтерді өтініш беруші өзінің ЭЦҚ-мен куәландырады.

12. Өтініштерді, оның ішінде электрондық өтініштерді әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган түскен жұмыс күні ішінде, ал жұмыс күнінен тыс келіп түскен жағдайда – өтініш түскен күннен кейінгі бірінші жұмыс күні тіркейді.

Қағидалардың 6-тармағы 1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш түскен кезде әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкімі өтініш берушінің құжаттарын тұлғаның (отбасының) материалдық жағдайын зерттеп-қарау үшін 1 (бір) жұмыс күні ішінде учаскелік комиссияға жібереді.»;

18, 19, 20, 21 және 22-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«18. Әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттары тіркелген күннен бастап 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттігі туралы қорытындысы негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Қағидалардың 14 және 15-тармақтарында көрсетілген жағдайларда әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган өтініш берушіден немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту негіздері анықталған кезде әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган шешім қабылдағанға дейін кемінде үш жұмыс күні бұрын өтініш берушіні бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша ұстанымды білдіруге мүмкіндік беру үшін тыңдау өткізілетіні туралы хабардар етеді.

Әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган тыңдаудың уақыты мен күнін белгілейді, ол:

өтініш берушіні бейнеконференц-байланыс немесе өзге де коммуникация құралдары арқылы тыңдауға шақыру;

ақпараттық жүйелерді пайдалану;

өтініш берушіге өзінің ұстанымын баяндауға мүмкіндік беретін өзге де байланыс тәсілдері арқылы жүзеге асырады.

Өтініш беруші әкімшілік істі алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде алдын ала шешімге қарсылығын білдіруге немесе айтуға құқылы.

Өтініш беруші өз қарсылығын ауызша білдірген жағдайда әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган, лауазымды тұлға тыңдау хаттамасын жүргізеді.

Әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган, лауазымды тұлға өтініш берушіні тыңдау хаттамасымен танысуға мүмкіндігімен қамтамасыз етуге міндетті.

Өтініш беруші танысқаннан кейін үш жұмыс күні ішінде тыңдау хаттамасына өз ескертулерін беруге құқылы.

Ескертулерді қарау нәтижелері бойынша әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган Үлгілік қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік көмек көрсету (көрсетуден бас тарту) туралы шешім қабылдайды.

19. Әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган өтініш берушіге Үлгілік қағидаларға 5-қосымшаға (бас тартқан жағдайда –Үлгілік қағидаларға 6-қосымшаға) сәйкес әлеуметтік көмек көрсету туралы қабылданған шешім туралы хабарлама жолдайды.

Егер әлеуметтік көмек көрсетуге өтініште мобильді азаматтар базасында тіркелген ұялы телефон нөмірі көрсетілсе, әлеуметтік көмек көрсету (көрсетуден бас тарту) туралы хабарлама өтініш берушінің ұялы телефонына sms-хабарлама жіберу арқылы автоматты режимде жолданады.

Өтініш берушінің ұялы телефонына sms-хабарлама жіберу мүмкіндігі болмаса, әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган немесе мемлекеттік корпорация әлеуметтік көмек көрсету (көрсетуден бас тарту) туралы хабарламаны басып шығарады және оны өтініш беруші өзі келген кезде береді.

Өтініш портал арқылы берілген болса, әлеуметтік көмек көрсету (көрсетуден бас тарту) туралы хабарлама шешім қабылданған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің жеке кабинетіне портал арқылы автоматты режимде жіберіледі.

20. Мынадай:

1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;

2) адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден өтініш беруші бас тартқан, жалтарған;

3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін жергілікті өкілді органдар белгілеген шектен артық болған;

4) уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйесінен әлеуметтік көмек тағайындау, осы негіз бойынша төлемді жүзеге асыруға өтініш беру фактісін растайтын мәліметтер алынған жағдайларда әлеуметтік көмек көрсетуден бас тартылады.

21. Әлеуметтік көмек көрсетуге жұмсалатын шығыстарды қаржыландыру республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінде көзделген, ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

Әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік корпорацияға әлеуметтік көмек көрсету сомаларын аударады.

Мемлекеттік корпорация әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті органнан алынған әлеуметтік көмек сомаларын әлеуметтік көмек алушылардың банктік шоттарына аударады.

22. Мынадай:

1) алушы қайтыс болған;

2) алушы тұрақты тұру үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктен тыс кеткен;

3) алушы мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберілген;

4) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;

5) әлеуметтік көмек көрсетуге негіз болмай қалғаны туралы мәліметтер анықталған жағдайларда әлеуметтік көмек көрсету тоқтатылады.

Осы тармақтың 3) тармақшасы Қағидалардың 6-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша тағайындалған әлеуметтік көмекті төлеуге қолданылмайды.

Осы тармақтың 1)-3) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша әлеуметтік көмек төлеу көрсетілген мән-жайлар басталғаннан кейінгі айдан бастап тоқтатылады.

Осы тармақтың 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген мән-жайлар басталған күннен бастап тоқтатылады.»;

Мынадай мазмұндағы 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31 және 32-тармақтармен толықтырылсын:

«25. Атаулы күндер мен мереке күндеріне төленетін әлеуметтік көмек алушылардың санаттарын қалыптастыру үшін әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган зейнетақы мен жәрдемақы алатын белсенді азаматтардың мәліметтерін алуға уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйелеріне сұрау салуға бастама жасайды.

Зейнетақы мен әлеуметтік көмек көрсету жәрдемақысын алушылар жөніндегі мәліметтер Үлгілік қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады.

26. Әлеуметтік көмек көрсету туралы шешім қабылдаған кезде уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйелері арқылы әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган әлеуметтік көмекті мемлекеттік корпорация арқылы төлеу процесіне бастама жасайды.

27. Әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган қабылдаған әлеуметтік көмек көрсету туралы шешім негізінде мемлекеттік корпорация:

біржолғы төлемдер бойынша – күн сайын;

ай сайынғы және тоқсан сайынғы төлемдер бойынша – төлем жасалатын айға дейінгі айдың 29-ы күніне әлеуметтік көмек төлеуге бюджет қаражатына сұраныс қалыптастырады.

28. Сұраныс қалыптастырылғаннан кейін мемлекеттік корпорация келесі жұмыс күнінен кешіктірмей әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті органға әлеуметтік көмек төлеуге сұраныс сомасы туралы өтінім жібереді.

Әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган әлеуметтік көмек төлеуге сұраныс сомасы туралы өтінім түскен күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде мемлекеттік корпорацияға әлеуметтік көмек төлеуге сұраныс сомасы туралы өтінімде көзделген сома шегінде ақшалай қаражат аударады.

Әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган төлем жасалатын айға дейінгі айдың 27-сі күнінен кейін түскен өтінімдер бойынша мемлекеттік корпорацияға төлем жасалатын айдың 1-іне дейін әлеуметтік көмек төлеуге сұраныс сомасы туралы өтінімде көзделген сома шегінде ақшалай қаражат аударады.

29. Мемлекеттік корпорация трансферттер түскеннен кейін екі жұмыс күні ішінде төлем кестесіне сәйкес төлем тапсырмаларын қалыптастырады және алушылардың банктік шоттарына төлеуді жүзеге асырады.

30. Әлеуметтік көмек төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымнан әлеуметтік көмек сомасы қайтарылған кезде әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган әлеуметтік көмек төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымнан мәліметтер алғаннан кейінгі үш жұмыс күні ішінде ақпараттық жүйеге тиісті өзгерістер енгізеді.

31. Мемлекеттік корпорация ағымдағы айдың соңғы жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік корпорацияның шотына түскен әлеуметтік көмектің артық есептелген (төленген) сомаларын әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті органға аударады.

32. Әлеуметтік көмек төлеуге байланысты банктік қызметтерге ақы төлеу мемлекеттік корпорация мен әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган арасында жасалатын шарт негізінде жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен жүзеге асырылады».

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Талдықорған қалалық мәслихатының төрағасы Т. Ахажан**

**ПРОЕКТ**

## О внесении изменений и дополнений в решение Талдыкорганского городского маслихата от 15 ноября 2023 года №11-68 «Об утверждении правил оказания социальной помощи, установления ее размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан города Талдыкорган»

Талдыкорганский городской маслихат **РЕШИЛ:**

1. Внести в решение Талдыкорганского городского маслихата от 15 ноября 2023 года №11-68 «Об утверждении правил оказания социальной помощи, установления ее размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан города Талдыкорган» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под №188604) следующие изменения и дополнения:

в Правилах оказания социальной помощи, установления ее размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан города Талдыкорган, утвержденных указанным решением:

пункт 2 изложить в следующей редакции:

«2. Основные термины и понятия, которые используются в настоящих Правилах:

1) Государственная корпорация «Правительство для граждан» (далее – Государственная корпорация) – юридическое лицо, созданное по решению Правительства Республики Казахстан для оказания государственных услуг в соответствии с законодательством Республики Казахстан, организации работы по приему заявлений на оказание государственных услуг и выдаче их результатов услугополучателю по принципу «одного окна», обеспечения оказания государственных услуг в электронной форме;

2) специальная комиссия – комиссия, создаваемая решением акима города республиканского значения, столицы, района (города областного значения), по рассмотрению заявления лица (семьи), претендующего на оказание социальной помощи отдельным категориям нуждающихся граждан;

3) социальная помощь – помощь, предоставляемая местным исполнительным органом (МИО) в денежной или натуральной форме отдельным категориям нуждающихся граждан (далее – получатели), а также к праздничным дням и памятным датам;

4) уполномоченный орган по оказанию социальной помощи – местный исполнительный орган города республиканского значения, столицы, района, города областного значения, района в городе, осуществляющий оказание социальной помощи;

5) уполномоченная организация по выплате социальной помощи – банки второго уровня, организации, имеющие лицензии уполномоченного органа по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций на соответствующие виды банковских операций, территориальные подразделения акционерного общества «Казпочта»;

6) прожиточный минимум – необходимый минимальный денежный доход на одного человека, равный по величине стоимости минимальной потребительской корзины, рассчитываемый республиканским государственным учреждением «Департамент Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан по области Жетісу»;

7) среднедушевой доход – доля совокупного дохода семьи, приходящаяся на каждого члена семьи в месяц;

8) праздничные дни – дни национальных и государственных праздников Республики Казахстан;

9) праздничные даты (далее – памятные даты) – профессиональные и иные праздники Республики Казахстан;

10) уполномоченный государственный орган – центральный исполнительный орган, осуществляющий руководство и межотраслевую координацию в сфере социальной защиты населения в соответствии с законодательством Республики Казахстан, регулирование, контрольные функции за деятельностью Государственного фонда социального страхования;

11) участковая комиссия – специальная комиссия, создаваемая решением акимов соответствующих административно-территориальных единиц для проведения обследования материального положения лиц (семей), обратившихся за адресной социальной помощью;

12) предельный размер – утвержденный максимальный размер социальной помощи;

13) сервис цифровых документов – объект информационно-коммуникационной инфраструктуры «электронного правительства», закрепленный за оператором и предназначенный для отображения и использования документов в электронном виде, сформированных на основании сведений из объектов информатизации;

14) веб-портал «электронное правительство» (далее – портал) – объект информатизации, представляющий собой «единое окно» доступа ко всей консолидированной правительственной информации, включая нормативную правовую базу, государственным и иным услугам, оказываемым в электронной форме;

15) электронная цифровая подпись (далее – ЭЦП) – набор электронных цифровых символов, созданный средствами электронной цифровой подписи и подтверждающий достоверность электронного документа, его принадлежность и неизменность содержания.»;

пункт 6 изложить в следующей редакции:

«6. Основаниями для отнесения граждан к категории нуждающихся являются:

1) причинение ущерба гражданину (семье) либо его имуществу вследствие стихийного бедствия;

2) причинение ущерба гражданину (семье) либо его имуществу вследствие пожара;

3) наличие социально значимого заболевания;

4) наличие среднедушевого дохода, не превышающего порога, установленного местными представительными органами, в кратном отношении к прожиточному минимуму;

5) сиротство, отсутствие родительского попечения;

6) неспособность к самообслуживанию в связи с преклонным возрастом;

7) освобождение из мест лишения свободы, нахождение на учете службы пробации.

При причинении ущерба имуществу вследствие стихийного бедствия или пожара социальная помощь оказывается по месту нахождения пострадавшего имущества независимо от места регистрации его собственника.

Перечень видов помощи по вышеуказанным основаниям для оказания социальной помощи и (или) проведения обследований материально-бытового положения лица (семьи) утверждается местными представительными органами.

Специальные комиссии при вынесении заключения о необходимости оказания социальной помощи руководствуются утвержденным местными представительными органами перечнем оснований для отнесения граждан к категории нуждающихся.»;

пункты 10, 11 и 12 изложить в следующей редакции:

«10. Социальная помощь к праздничным дням и памятным датам оказывается без истребования заявлений от получателей.

Категории получателей социальной помощи определяются МИО.

Списки получателей социальной помощи формируются на основании запроса в Государственную корпорацию либо иные организации, либо в электронном виде из информационных систем уполномоченного государственного органа.

11. Для получения социальной помощи отдельным категориям нуждающихся граждан заявитель от себя или от имени семьи (или представитель по доверенности, выданной в соответствии со статьей 167 Гражданского кодекса Республики Казахстан) обращается письменно в уполномоченный орган по оказанию социальной помощи или к акиму поселка, села, сельского округа, или в Государственную корпорацию с заявлением по форме согласно приложению 1 к Типовым правилам, или электронно на портал с заявлением по форме согласно приложению 1-1 к Типовым правилам.

При письменном обращении специалист, принимающий документы, формирует запросы в соответствующие информационные системы (далее – ИС) государственных органов и (или) организаций через шлюз «электронное правительство» по форме согласно приложению 1-2 к Типовым правилам.

При несоответствии (отсутствии) сведений в ИС заявителем к заявлению прилагаются следующие документы:

1) документ, удостоверяющий личность, либо электронный документ из сервиса цифровых документов (для идентификации личности);

2) сведения о доходах лица (членов семьи) (для получения социальной помощи, которая назначается независимо от доходов лица (членов семьи), сведения о доходах лица (членов семьи) не предоставляются);

3) один из нижеперечисленных документов, подтверждающих факт наличия оснований для отнесения к категории нуждающихся:

документ, подтверждающий факт причиненного ущерба гражданину (семье) либо его имуществу вследствие стихийного бедствия;

документ, подтверждающий факт причиненного ущерба гражданину (семье) либо его имуществу вследствие пожара;

документ, подтверждающий факт наличия социально значимого заболевания;

документ, подтверждающий факт сиротства, отсутствия родительского попечения;

документ, подтверждающий факт неспособности к самообслуживанию в связи с преклонным возрастом;

документ, подтверждающий факт освобождения из мест лишения свободы, нахождения на учете службы пробации.

Документы представляются в подлинниках и копиях для сверки. После сверки подлинники документов возвращаются заявителю.

При представлении заявителем неполного пакета документов и (или) документов с истекшим сроком действия заявителю выдается расписка об отказе в приеме заявления на оказание социальной помощи по форме согласно приложению 1-3 к Типовым правилам.

При обращении заявителя за социальной помощью электронно посредством портала запрос в ИС государственных органов и (или) организаций для получения необходимых сведений осуществляется самим заявителем.

При этом заявитель удостоверяет своей ЭЦП электронное заявление и сведения, поступившие из ИС государственных органов и (или) организаций.

12. Поступившие заявления, в том числе электронные, уполномоченный орган по оказанию социальной помощи регистрирует в день поступления в течение рабочего дня, а в случае поступления вне времени рабочего дня – в первый рабочий день после даты поступления заявления.

При поступлении заявления на оказание социальной помощи отдельным категориям нуждающихся граждан по основаниям, указанным в подпунктах 1), 2) и 4) пункта 6 настоящих Правил, уполномоченный орган по оказанию социальной помощи или акимы поселка, села, сельского округа в течение 1 (один) рабочего дня направляют документы заявителя в участковую комиссию для проведения обследования материального положения лица (семьи).»;

пункты 18, 19, 20, 21 и 22 изложить в следующей редакции:

«18. Уполномоченный орган по оказанию социальной помощи в течение 8 (восемь) рабочих дней со дня регистрации документов заявителя на оказание социальной помощи принимает решение об оказании либо отказе в оказании социальной помощи на основании принятых документов и заключения специальной комиссии о необходимости оказания социальной помощи.

В случаях, указанных в пунктах 14 и 15 Правил, уполномоченный орган по оказанию социальной помощи принимает решение об оказании либо отказе в оказании социальной помощи в течение 20 (двадцать) рабочих дней со дня принятия документов от заявителя или акима поселка, села, сельского округа.

При выявлении оснований для отказа в оказании социальной помощи уполномоченный орган по оказанию социальной помощи в срок не позднее трех рабочих дней до принятия решения уведомляет заявителя о предварительном решении об отказе, а также проведении заслушивания для предоставления возможности выражения позиции по предварительному решению.

Время и дата заслушивания устанавливаются уполномоченным органом по оказанию социальной помощи, которое проводится путем:

приглашения заявителя на заслушивание посредством видеоконференцсвязи или иных средств коммуникации;

использования информационных систем;

иных способов связи, позволяющих заявителю изложить свою позицию.

Заявитель вправе предоставить или высказать возражение к предварительному решению по административному делу в срок не позднее двух рабочих дней со дня его получения.

В случае устного выражения заявителем своего возражения, уполномоченный орган по оказанию социальной помощи, должностное лицо ведут протокол заслушивания.

Уполномоченный орган по оказанию социальной помощи, должностное лицо обязаны обеспечить заявителю возможность ознакомиться с протоколом заслушивания.

Заявитель в течение трех рабочих дней после ознакомления вправе представить свои замечания на протокол заслушивания.

По результатам рассмотрения замечаний уполномоченный орган по оказанию социальной помощи принимает решение об оказании (отказе в оказании) социальной помощи по форме согласно приложению 4 к Типовым правилам.

19. Уполномоченный орган по оказанию социальной помощи направляет заявителю уведомление о принятом решении об оказании социальной помощи согласно приложению 5 к Типовым правилам (в случае отказа – согласно приложению 6 к Типовым правилам).

Если в заявлении на оказание социальной помощи указан номер мобильного телефона, зарегистрированного в базе мобильных граждан, уведомление об оказании социальной помощи (отказе в оказании) отправляется в автоматическом режиме посредством передачи sms-оповещения на мобильный телефон заявителя.

При отсутствии возможности отправки sms-оповещения на мобильный телефон заявителя уполномоченный орган по оказанию социальной помощи или Государственная корпорация распечатывают уведомление об оказании социальной помощи (отказе в оказании) и выдают его при личном обращении заявителя.

При подаче заявления посредством портала уведомление об оказании социальной помощи (отказе в оказании) в автоматическом режиме в течение одного рабочего дня со дня принятия решения отправляется в личный кабинет заявителя посредством портала.

20. Отказ в оказании социальной помощи осуществляется в случаях:

1) выявления недостоверных сведений, представленных заявителями;

2) отказа, уклонения заявителя от проведения обследования материального положения лица (семьи);

3) превышения размера среднедушевого дохода лица (семьи), установленного местными представительными органами порога для оказания социальной помощи;

4) получения из информационной системы уполномоченного государственного органа сведений, подтверждающих факты назначения, осуществления выплат, подачи заявления на назначение социальной помощи по данному основанию.

21. Финансирование расходов на предоставление социальной помощи осуществляется в пределах средств, предусмотренных бюджетом города республиканского значения, столицы, района (города областного значения) на текущий финансовый год.

Уполномоченный орган по оказанию социальной помощи переводит в Государственную корпорацию суммы социальной помощи.

Государственная корпорация перечисляет суммы социальной помощи, полученные от уполномоченного органа по оказанию социальной помощи, на банковские счета получателей социальной помощи.

22. Социальная помощь прекращается в случаях:

1) смерти получателя;

2) выезда получателя на постоянное проживание за пределы соответствующей административно-территориальной единицы;

3) направления получателя на проживание в государственные медико-социальные учреждения;

4) выявления недостоверных сведений, представленных заявителем;

5) выявления сведений об утрате оснований на оказание социальной помощи.

Подпункт 3) настоящего пункта не распространяется на выплату социальной помощи, назначенной по основаниям, указанным в подпунктах 1) и 2) пункта 6 Правил.

Выплата социальной помощи по основаниям, указанным в подпунктах 1)-3) настоящего пункта, прекращается со следующего месяца после наступления указанных обстоятельств.

Выплата социальной помощи по основаниям, указанным в подпунктах 4) и 5) настоящего пункта, прекращается с даты наступления указанных обстоятельств.»;

дополнить пунктами 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31 и 32 следующего содержания:

«25. Для формирования категорий получателей на выплату социальной помощи к памятным датам и праздничным дням уполномоченным органом по оказанию социальной помощи инициируется запрос в информационные системы уполномоченного государственного органа на получение данных граждан, являющихся (активных) получателями пенсий и пособий.

Сведения по получателям пенсий и пособий на оказание социальной помощи формируются по форме согласно приложению 7 к Типовым правилам.

26. Процесс осуществления выплаты социальной помощи через Государственную корпорацию инициируется уполномоченным органом по оказанию социальной помощи при принятии им решения об оказании социальной помощи через информационные системы уполномоченного государственного органа.

27. На основании принятого уполномоченным органом по оказанию социальной помощи решения об оказании социальной помощи Государственная корпорация формирует потребность в бюджетных средствах на выплату социальной помощи:

по единовременным выплатам – ежедневно;

по ежемесячным и ежеквартальным выплатам – к 29 числу месяца, предшествующего месяцу выплаты.

28. После формирования потребности Государственная корпорация не позднее следующего рабочего дня направляет заявку о сумме потребности на выплату социальной помощи в уполномоченный орган по оказанию социальной помощи.

Уполномоченный орган по оказанию социальной помощи в течение двух рабочих дней после поступления заявки о сумме потребности на выплату социальной помощи перечисляет в Государственную корпорацию денежные средства в пределах сумм, предусмотренных заявкой о сумме потребности на выплату социальной помощи.

По заявкам о суммах потребности на выплату социальной помощи, поступившим 27 числа месяца, уполномоченный орган по оказанию социальной помощи перечисляет денежные средства в Государственную корпорацию не ранее первого числа месяца выплаты.

29. Государственная корпорация в течение двух рабочих дней после поступления трансфертов формирует в соответствии с графиком выплаты платежные поручения и осуществляет выплату на банковские счета получателей.

30. При возврате суммы социальной помощи из уполномоченной организации по выплате социальной помощи уполномоченный орган по оказанию социальной помощи в течение трех рабочих дней, следующих за днем получения сведений из уполномоченной организации по выплате социальной помощи, вносит соответствующие изменения в информационную систему.

31. Государственная корпорация не позднее последнего рабочего дня текущего месяца переводит в уполномоченный орган по оказанию социальной помощи излишне зачисленные (выплаченные) суммы социальной помощи, поступившие на счет Государственной корпорации.

32. Оплата банковских услуг, связанных с выплатой социальной помощи, осуществляется за счет средств местных бюджетов на основании договора, заключаемого между Государственной корпорацией и уполномоченным органом по оказанию социальной помощи.».

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

**Председатель Талдыкорганского городского маслихата** **Т. Ахажан**



*Құрметті жас отау иелері*

## Жанел - Альмира!

Сендерді бүгінгі айтулы мерекелерің – шаңырақ көтерген күндеріңмен шын жүректен құттықтаймыз.

Жаңа өмірге қос аққудай қол ұстасып бірге аттаған қадамдарың құтты болсын!

Шаңырақтарың биік, босағасы берік, керегесі кең болсын! Бақыт, қуаныш, бақ-дәулет тілейміз! Қол ұстасқан жұптарың жазылмасын! Отбасының қуанышын, алдағы өмірлеріңізді сыйластықпен бірге өткізіп, келешектерің сәттілікпен жалғаса берсін! Махаббаттарың баянды, өмірлерің бақытқа толсын!

***Ізгі тілекпен: Мусkеновтер әулеті.***

## 2025 ЖЫЛДЫҢ ДІНИ КҮНДЕР КЕСТЕСІ БЕКІТІЛДІ

Кестеге сәйкес, Рамазан айы **1 наурызда** басталады.

**26 наурыздан** 27-сіне қараған түн – Қадір түні.

Ораза айт – **30 наурыз**.

Ал құрбан айт **6-8 маусым** аралығында мерекеленеді.

*«Хижри айлардың басталуы халықаралық астрономиялық зерттеу орталықтарының мәліметтері негізінде жасалды. Пәтуа мамандары діни мерекелердің нақты күндері жаңа айдың көрінуіне байланысты көрсетілген уақыттан бір күн шегерілуі немесе алға жылжуы мүмкін екенін ескертеді»,*– делінген хабарламада.

### ЗАҢ АЯСЫНДА

## АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

**Білім саласында мемлекеттік қызметтерді заңнама талаптарына сәйкес көрсетілмеу себебінен 62 азаматтың бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.**

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті (бұдан әрі - Департамент) мемлекеттік қызметтер көрсету барысында заңдылықтың сақталуының қамтамасыз ету мақсатында 2024 жылдың қазан айында облыс көлемінде орналасқан мектептер және балабақшалармен көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге қашықтықтан байқау жүргізіп, қызмет берушілер тарапынан бірқатар заң бұзушылықтарға жол берілгендігі анықталды.

Мәселен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы №254 бұйрығымен бекітілген Қағидалардың 22 тармағына сәйкес, балаларды мектепке, балабақшаларға қабылдау үшін тапсырылған құжаттар, көрсетілетін қызметті берушінің құжаттар қабылдау журналында тіркеледі, сәйкестігіне тексеріледі және нәтижесін беруді қамтамасыз ету міндеттілігі көзделген.

Алайда, Департаментпен Көксу, Ескелді, Алакөл, Панфилов және Ақсу аудандарының аумағында орналасқан бірқатар мектептер мен балабақшаларда көрсетілетін мемлекеттік қызметтің тәртібін бұзу, яғни қызмет алушылардың өтініштерін уақтылы тіркелмеу түріндегі 62 факті анықталды.

Нәтижесінде, Департаментпен Жетісу облысы білім басқармасына заңдылықтың бұзылуына әкеп соққан себептерді және оның салдарын жою туралы тиісті ұсыным хат жолданып, оны қарау қорытындысы бойынша 62 қызмет алушылардың өтініштерін тіркеу арқылы құқықтары қалпына келтірілді.

Республика күні 25 қазан

## БӘЙГЕНІ ТАМАШАЛАҢЫЗДАР!

**Құрметті Талдықорған қаласының тұрғындары және қала қонақтары!**

19 қазан күні сағат 11.00-де Республика күніне орай, «Талдықорған тұлпары - 2024» бәйге жарысын тамашалауға шақырамыз!

Бәйге жарысын тамашалау үшін қоғамдық көліктер сағат 10:00-ден бастап белгіленген орындарда күтетін болады. Жолға шығу уақыты 10:30-да: Н.Назарбаев - Шевченко көшелерінің қиылысы, «Рахат» аялдамасы; «Сказка» (қазіргі DODO Pizza мейрамханасы), Н.Назарбаев – Абылай хан көшелерінің қиылысы.

**Өтетін орны:** Талдықорған ипподромы.

**Уважаемые жители и гости города Талдыкорган!**

19 октября в 11.00 ч. приглашаем вас на скачки «Талдықорған тұлпары-2024», которые пройдут в рамках празднования Дня Республики!

Организован общественный транспорт, который будет ждать в следующих местах: пересечение улиц Н. Назарбаева - Шевченко остановка «Рахат» и пересечение улиц Н.Назарбаева – Абылай хана «Сказка» (ныне ресторан DODO Pizza) с 10:00 ч. Время отправления в 10:30 ч.

**Место проведения:** Ипподром.

### ФЕСТИВАЛЬ

## БЕКЗАДА ӨНЕР БЕСІГІ

**Халық әртісі, КСРО және Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының иегері, көрнекті театр және кино актрисасы Бикен Римова атындағы дәстүрлі «BIKEN» II Халықаралық театр фестивалі мәресіне жетіп, қорытындыланды.**



Аталмыш шараның мақсаты – театр ұжымдары арасындағы шығармашылық байланысты нығайту, бірлескен шығармашылық жобалардың пайда болуына жағдай жасау, жас режиссерлердің, актерлердің, драматургтердің, суретшілердің жаңа буынын анықтау және қолдау көрсету. Сонымен қатар кәсіби театр ұжымдарының үздік қойылымдарын көпшілікке ұсынып қана қоймай, шет елдің озық мәдениетімен танысуға және ұлттық өнерді әлемдік аренада танытуға зор мүмкіндік туғызу. Биылғы фестивальдің ерекшелігі барша қатысушыларға «Фестиваль лауреаты» сыйлығы табысталды. Сондай-ақ, өнер ұжымдары өзара шығармашылық қарым-қатынас орнатып, тәжірибе алмасты, шеберлік сабақтарына қатысты. Фестиваль барысында Жетісу облысының Мұхамеджан Тынышбаев атындағы тарихи-өлкетану музейіне экскурсия-саяхат жасалынды, театрлар арасындағы ауызбірлікті нығайту мақсатында «Театрлар достығы» аллеясының тұсауы кесілді, кіші формадағы спектакльдерге арналған театрдың кіші залы ашылды. Марапаттау сәтінде сарапшылар алқасының төрағасы Тұңғышбай Жаманқұлов «Өнер – дүние тұрғанша тұратын ерекше құбылыс. Ол – мәңгілік, оның құдіреті ерекше. Білектің емес, жүректің ісі»,– деп ұйымдастырушыларға алғысын жеткізді.

Айта кетейік, облыс орталығында 1975 жылы шаңырағы көтерілген театрға 2000 жылы Бикен Римованың есімі берілген болатын. Осы уақыт аралығында ұлтымыздың бет-бейнесіне айналған өнер ордасы классикалық, заманауи туындылармен түрлі фестивальдер мен байқауларда шығармашылық биіктімен танылып жүр. Бүгінде киелі сахнада әлем халықтарын тамсандырған шет ел драматургиясының ең озық туындылары сахналанып келеді. Репертуарының ауқымы кеңейіп, ұжымның ерекше қарқынмен жұмыс істеуі жаңаша деңгейде дамуда.

**Назерке ӘДІЛБЕКОВА**

### БӘРЕКЕЛДІ!

## ЖЕТІСУДА «ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОРЫНЫҢ ҚАРАЖАТЫНА СПОРТ ЗАЛЫ САЛЫНДЫ

**Жетісу облысында «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қаражаты есебінен жаңа спорт нысаны қолданысқа берілді. Заманауи спортзал Панфилов ауданы Көктал ауылында есігін айқара ашты. Нысанның ашылу салтанатына Бейжіңде және Парижде өткен Олимпиада ойындарының күміс жүлдегерлері Демеу Жадыраев пен Нұрбақыт Теңізбаев қатысты.**




Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының мәліметіне қарағанда, ауылдық елді мекендерде спорт объектілерінің қажеттілігін азайту бағытындағы жұмыстар шеңберінде өңірде «Қазақстан халқына» қорының қаражаты есебінен модульдік үлгідегі жылдам тұрғызылатын спорт кешендерін салу жобасы басталды. Осыған сәйкес Көктал ауылында ангар үлгісіндегі жаңа спорт залы салынды. Онда командалық спорт түрлерімен айналысуға барлық жағдай жасалған. Нысанның жалпы ауданы – 1300 шаршы метр.

Көктал – ауданның ең үлкен ауылдық елді мекені, мұнда 10 мыңнан астам адам, ал ауылдық округте 12 282 адам тұрады.

*– Ауылымызда халық тығыз қоныстанғанына қарамастан, бізде бұған дейін спорт кешені болған жоқ. Балалар жаттығуға көрші ауылдарға баратын. Енді өзіміздің заманауи спорт залымыз бар. Бұл – бәріміз үшін де қуаныш,–* деді жергілікті тұрғын Сайлау Солтанқұлов.

Мемлекет қолдауының арқасында жуырда Панфилов ауданының Үшарал ауылында жаңа спорт кешені ашылды.

***Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі***

### «КҮЗ-2024»

## ШЕКАРАШЫ САРБАЗДАРҒА АРНАЛҒАН САБАҚ

**ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының Техникалық және кәсіби даярлық бөлімінде «Күз-2024» мерзімді әскери қызметшілерімен көрсетілім сабағы өтті.**



Әскери өмірге алғашқы қадам жасаған сарбаздарға «ҚР ҰҚК Шекара қызметінің қалыптасуы және даму тарихы» тақырыбында дәріс оқылды. «Әскери қызметшілерді орналастыру және ішкі тәртіп», «Мерзімді қызмет сарбаздарының әскери тамақтануы, заттай және ақшалай үлесі туралы жалпы ережелерді зерделеу» тақырыптарында сабақ өтті. Әскери плацта сарбаздарды азық-түлік, киім-кешек үлестерімен, радиациялық, химиялық және бактериологиялық қорғаныспен, инженерлік құралдарымен, қару-жарақ үлгілерімен және байланыс құралдарымен таныстырды. Плацта қызметтік итпен шекара бұзушыны ұстаудың әдіс-тәсілдерін тамашалады.

***ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті***

МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҢЫ» ЖШС

Талдықорған
Газет 1992 жылдың 2-ші наурызынан шыға бастады

ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР
НҰРШАНОВА
ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02
E-mail: taldyk@bk.ru
Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.
ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 100 дана.
Тапсырыс №1109 Индекс 65771

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй. 4-қабат

- Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15702-Г куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.
- Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталығы.
- «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
- «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.
- Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбісінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.
- Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.
- Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.